

**Алматы облысы, Ескелді ауданы,
Жалғызағаш орта мектебі**

Секция: Информатика

**Жетекші: Информатика пәнінің мұғалімі
Мырзакулова Меруерт Турсынбайқызы**

**Орындаған: Ердосан Нұрай
9- сынып оқушысы.**

2018-2019оқу жылы

Мазмұны

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 DELPHI 7.0 БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	4
1.1 Delphi интерфейсінің терезелері: негізгі, бастапқы форма, объектілер инспекторы және код редакторы	4
1.2 Проект құру, қолданбаның интерфейсін жасау және қолданбаның функционалдық мүмкіндіктері	9
1.3 Визуалды компоненттер	11
1.4 Қасиеттер, оқиғалар және әдістер	11
2 DELPHI-ДІҢ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ	20
2.1 Animate компоненті	20
2.2 MediaPlayer компоненті	26
2.3 Дыбысты шығару процесі	27
2.4 Бейнероликтер мен анимацияны көріп шығару	36
2.5 Far Text компоненті	39
2.6 Delphi бағдарламасында мәтін анимациясын құру жолдары	46
ҚОРЫТЫНДЫ	55
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	56

**Бірінші бөлімде
объектіге бағытталған
DELPHI программалау
тілінің мүмкіндіктері
және негізгі құрылымы
жөнінде мәліметтер
келтірілген.**

**Екінші бөлімде Delphi
бағдарламасының
мультимедиялық мүмкіндіктері,
үш өлшемді мәтін стилімен
мәтінді шығаруға арналған
компонет жайлы, мәтін
анимацияларын құру жолдары
толық түсіндіріліп, электронды
оқулықпен жұмыс жасау
жолдары көрсетілген.**


**Қорытындыда
жұмыстың нәтижелері
баяндалған. Қосымшада
бағдарламаны өңдеу
процедуралары берілген.**

Delphi тіліндегі қолданбалы программалар немесе қосымшалар - дамып отыратын құрылымдық ортада орындалады. Delphi ортасы программалаушының компьютермен қарым-қатынасын ұйымдастырып, әр түрлі басқару элементтерінен құралған бірнеше терезелерден тұрады.

Ішкі программалардың параметрлері болады. Олар формальды және нақты параметрлер болып бөлінеді. Функцияны сипаттау бөлігінде көрсетілген параметр формальды деп аталады. Процедураны шақыру инструкциясында көрсетілген параметрлер нақты параметрлер деп аталады. Параметрлер ішкі программаға мәліметтер жіберу үшін және ішкі программа нәтижелерін алу үшін қолданылады.


Қазіргі таңда Delphi, Basic және математикалық есептер оқыту процесінде жиі қолданылады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, ой- өрісін кеңейтеді.

1 DELPHI 7.0 БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ




1.1 Delphi интерфейстің терезелері: негізгі, бастапқы форма, объектілер инспекторы және код редакторы .

Delphi ортасы программалау жұмыстарын жоғары дәрежеде қамтамасыз ететін күрделі механизм. Бұл ортада қолданба құрудың барлық этаптары жүзеге асырылады. Delphi жобалау ортасы көп терезелі жүйеге жатады.




1.2 Проект құру, қолданбаның интерфейсін жасау және қолданбаның функционалдық мүмкіндіктері.

Қолданбаның интерфейсін жасау. Қолданбаның интерфейсі пайдаланушы мен қолданбаның өзара әрекет жасау тәсілін анықтайды. Интерфейс формаға интерфейстік компоненттер немесе басқару элементтері деп аталатын компоненттерді орналастыру арқылы жасалады.



1.3 Визуалды компоненттер

Қолданбаның интерфейсін құру үшін Delphi жүйесі визуалды компоненттердің көптеген жиынтығын ұсынады.



1.4 Қасиеттер, оқиғалар және әдістер

Қасиеттер қолданба құру және оның орындалу барысында компоненттің сыртқы түрін және іс-әрекетін басқаруға мүмкіндік жасайды.

2.1 Animate компоненті

Animate компонентінің белгісі Win32 парағында орналасқан. Ол жай анимацияны көрсетуге мүмкіндік жасайды. Олардың кадрлары AVI-файлда орналасады.

2.2 MediaPlayer компоненті

MediaPlayer компоненті, оның белгісі System парағында орналасқан (5- суретте көрсетілген). Ол бейнероликті көрсетуге, дыбысты естуге және қосымша көрінетін анимацияны шығаруға мүмкіндік жасайды.

2.3 Дыбысты шығару процесі

Дыбыстық фрагменттер WAV файлдарда болады. Мысалы, C:\Winnt\Media бумасында Windows- та стандартты түрдегі дыбыстық файлдарды табуға болады.

2.4 Бейнероликтер мен анимацияны көріп шығару.

MediaPlayer компоненті дыбыс шығарудан басқа бейнероликтер мен мультипликацияны көруге мүмкіндік береді.

2.5 Far Text компоненті

Far Text компонентінің *сипаттамасы*. Бұл бөлімде тек мәтінді шығаруға арналған және Label компонентінен әртүрлі үш өлшемді мәтін стилімен және оның хабардар болуын бейнелейтін компонент жайлы айтылған.

2.6 Delphi бағдарламасында мәтін анимациясын құру жолдары

Кез келген программаны құрмас бұрын оның зерттейтін аймағымен танысу керек. Яғни программаны орындамас бұрын буманы ашамыз

Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жағдайы ақпараттық технологияны өмірдің әрбір саласында жаппай пайдаланумен сипатталады. Оқушылардың танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артты.

Қазіргі кезде мәліметтерді сақтау және өңдеу жұмыстарын соңғы жылдарда шыққан программалық өнімдер арқылы жылдам әрі тиімді ұйымдастыруға болады.





Жұмысымның өзектілігі:
Delphi программалау тілінде мультимедиялық мүмкіндіктерімен жұмыс істеу кезінде Animate және MediaPlayer компоненттерін тиімді қолдану әдістерін ашып жазып, олардың барлығын мысалдар келтіре отырып көрсету.



Ғылыми жұмыстың мақсаты:
«Delphi бағдарламасында мәтін анимацияларын құру» электрондық оқулығын Delphi ортасында құру, қолданушыға ыңғайлы түрде өңдеу және программалауда тиімді пайдалану жолдарын көрсету.



Жұмысымның құрылымы.
Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттерден және қосымшадан тұрады.

Осы мақсатқа жету үшін алдыма келесі міндеттерді қойдым:

- Delphi программалау тілін терең оқып үйрену;**
- арнайы оқулықтармен танысу;**
- Delphi ортасында электронды оқулық жасау үшін қажетті компоненттерді, олардың қасиеттерін оқып үйрену;**
- FAR TEXT компонентін орындау, орнату;**
- «Delphi бағдарламасында мәтін анимацияларын құру» электрондық оқулығын жасау.**

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезеңде біздің елімізді әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде танып отыр. Қысқа тарихи кезеңде жаңа технологияларды қолдана отырып Қазақстан экономикада алға шықты, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы анықталды. Қоғамдағы өзгерістер білім жүйесіне де ықпал етті. Оның қоғам сұранысына сай болуы талап етіліп, білім беру жүйесінің рөлі мен мәні артып, оған үлкен міндеттер жүктеліп отыр.

Қоғамымызда компьютер маңызды әрі көрнекті орын алып отырған осындай сәтте компьютерлік технологияларды оқыту жүйесінде пайдалану еліміздің болашағын барлық ғылым салаларында жаңа идеяларды ұсынып, оларды жүзеге асыра алатын сауатты ұрпақпен қамтамасыз ете алады. . Жұмыс жасау барысында Delphi ортасы бойынша жүргізілген лекциялар мен практикалық сабақтарда жинақталған тәжірибелер пайдаланылды, сонымен қатар Delphi–де әдебиеттер талданды. Электрондық құралдармен жұмыс істеу - әрбір оқушылардың өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізуі болып саналады. Сол себепті жасалған қабықша оқушылар өз бетімен жұмыс істеуіне толық мүмкіндік туғызады.